

Бекітемін
«Қостанай облысы әкімдігінің
мәдениет басқармасы» ММ
басшысы


Е. Қалмақов



**Ыбырай Алтынсарин атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған
үздік әдеби шығармалардың республикалық байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер.

1.1. Байқауды жазушы, ағартушы Ыбырай Алтынсариннің құрметіне Қазақстан Жазушылар одағының Қостанай облыстық филиалының қолдауымен, Қостанай облысының әкімдігі, Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы өткізеді.

1.2. Балалар мен жасөспірімдерге арналған республикалық үздік әдеби шығармалар байқауы туындылары қазіргі өмірдің өзекті шындығын және психологиялық, адамгершілік, әлеуметтік мәселелердің оң шешімін суреттейтін авторларды іздеу және таныстыру мақсатында өткізіледі.

Байқаудың міндеттері өскелең ұрпақтың әлемді тануының өнімді тәсілі ретінде оқуға деген қызығушылығын ынталандыру; отбасылық оқуды қалыптастыруға жәрдемдесу; баспагерлердің, кітап сатушы ұйымдардың, кітапхана қызметкерлерінің, оқырмандардың, ата-аналардың назарын қазақстандық авторлардың шығармаларына аудару болып табылады.

1.3. Байқау жылына бір рет өткізіледі. Сыйлық мектеп жасындағы балаларға арналған қазақстандық автордың үздік прозалық шығармасы үшін беріледі. Сыйлықтармен марапаттау жазушының туған күніне орайластырылады.

2. Байқауды өткізу тәртібі

2.1. Байқауды дайындауды және өткізуді құрамын құрылтайшылар айқындайтын ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады.

2.2. Байқауға бұрын шығарылмаған балалар мен жасөспірімдерге арналған көркем прозалық шығармалар қабылданады. БАҚ-та жарияланған (баспа немесе электрондық) туындыларға рұқсат етіледі.

Байқау жұмыстарының тілі - қазақ, орыс. Жанрлық формалары - роман, повесть, пьеса, әңгімелер, ертегілер кітабы (*әңгімелер немесе ертегілер жинағы бір жұмыс ретінде қарастырылады*).

2.3. Бір автордан бір ғана қолжазба (авторлық әңгімелер жинағын қоса алғанда) қабылданады.

2.4. Байқауға ұсынылған туындыларды Сарапшылар кеңесі мен Қазылар алқасы қарайды.

Сарапшылар кеңесі байқауға ұсынылған туындыларға алдын ала сараптама жүргізеді, шорт-парағын жасайды.

2.5. Ұйымдастыру комитеті шорт- парағына енген жұмыстарды бағалау үшін құрамына жазушылар, филологтар, баспагерлер, кітапханашылар, ұстаздар кіретін әділ қазылар алқасын құрады.

Байқау шеңберінде ұйымдастыру комитеті мектеп жасындағы оқырмандар арасынан құратын Балалар қазылар алқасының жұмысы назарға алынады.

2.6. Байқауға қатысушылар мен олардың туыстары Сарапшылар кеңесі мен Қазылар алқасының мүшелері бола алмайды.

2.7. Байқау қорытындылары бойынша қазылар алқасы жеңімпазды анықтайды және қосымша номинациялар, арнайы сыйлықтар тағайындау құқығын өзіне қалдырады.

Балалар қазылар алқасы жұмысының қорытындысы бойынша арнайы жүлде тағайындалады.

2.8. Байқау жеңімпазына және арнайы жүлделер иегерлеріне Диплом мен ақпалай сыйлық табыс етіледі. Сыйлық мөлшерін ұйымдастыру комитеті анықтайды. Байқауда берілетін сыйлықтардың барлық сомалары ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген салықтар мен алымдарды қамтиды.

3. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

3.1. Жұмыстар Байқаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуі тиіс.

3.2. Зорлық-зомбылықты, нашақорлықты, криминалдық өмір салтын, ұлтаралық араздықты, агрессиялық мінез-құлықты насихаттайтын жұмыстар байқауға қатысуға жіберілмейді.

3.3. Туындының көлемі 1 авторлық парақтан кем болмауы тиіс (1 авторлық парақ – бос орындары, тыныс белгілері, символдары бар 40 мың белгі, бұл шамамен А-4 форматындағы 22 бетті құрайды, кегль 14).

3.4. Байқау талаптарына сай келмейтін жұмыстарды Қазылар алқасы қарамайды.

3.5. Авторларға рецензиялар мен пікірлер жіберілмейді.

3.6. Байқау жұмыстары қайта қайтарылмайды.

3.7. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушылардың авторлығын сақтай отырып, қаламақы төлемей, байқау қорытындысы бойынша байқауға ұсынылған жұмыстарды БАҚ-та, жинақтарда жариялау құқығын өзіне қалдырады.

4. Байқауды өткізу мерзімдері

4.1. Байқау 2021 жылдың ақпан мен қазан айлары аралығында өткізіледі.

4.2. Байқауға қатысу үшін қатысушылар өтінімді қағаз немесе электрондық форматта (сканерленген нұсқа) ағымдағы жылғы 15 мамырға дейін ұйымдастыру комитетіне осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша жібереді.

Өтінімге электрондық форматтағы байқау жұмысы қоса беріледі.

4.3. Өтінім және оған қоса берілетін материалдар мына мекенжайға жіберіледі: 110000, Қостанай қаласы, Қасымқанов көшесі, 74, e-mail: albiblio@mail.kz, тел. 8 (7142) 54-27-44.

4.4. Материалдардың толық пакеті болмаған жағдайда, байқаудың Ұйымдастыру комитеті байқау жұмыстарын қарамауға құқылы.

4.5. Автор жұмыстарды қабылдау аяқталған күннен кешіктірмей өзінің қолжазбасын байқауға қатысудан қайтарып ала алады.

4.6. Шорт-парағы 2021 жылғы 20 шілдеден кешіктірілмей жарияланады.

4.7. Жеңімпаздар 2021 жылдың қазан айында жарияланады.

4.8. Марапаттау рәсімін өткізу күні мен орны туралы ақпаратты ұйымдастыру комитеті қосымша хабарлайды.

Ыбырай Алтынсарин атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған үздік әдеби шығарма республикалық байқауына қатысуға өтінім

Тегі	
Аты	
Әкесінің аты <i>(болған жағдайда)</i>	
Азаматтығы	
Автор туралы қысқаша ақпарат: жасы, әдеби тәжірибесі, жарияланымдары мен басылымдарының болуы.	
Байланыс телефондары, пошта және электронды мекен-жайы	
Шығарманың атауы мен жанры	
Байқауға ұсынылған туындыны жариялауға автордың келісімі	
Өтінімді толтыру күні және байқауға қатысушының қолы	